

Халықтың нысаналы тобын және 2009 жылы олардың жұмыспен қамтылуы мен әлеуметтік қорғалуына жәрдемдесу жөніндегі шараларды анықтау туралы

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 16 наурыздағы № 58 қаулысы. Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 1 сәуірде № 9-19-94 тіркелді

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңының 5, 7 баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148–II Заңының 31 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысы сәйкес, Ұзынкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Келесі санаттағы халықтың нысаналы топтары анықталсын:
 - 1) табысы аз адамдар;
 - 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
 - 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
 - 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп балалы ата-аналар;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;
 - 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);
 - 7) мүгедектер;
 - 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
 - 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;
 - 10) оралмандар жатады;
 - 11) ұзақ уақыт жұмыс істемеген азаматтар (бір жылдан артық);
 - 12) келешегі жоқ жастағы тұлғалар (елу жастан асқандар);
 - 13) бастауыш, орта білім беру және курстық дайындық оқу мекемелерінің түлектері, жұмыссыз жастар, жұмыс тәжірибесіз өткен жылдардың түлектері;
 - 14) жұмыс беруші - заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші - жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына

байланысты жұмыстан босатылған адамдар;

15) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер.

Ескерту. 1-тармақ 14) тармақшамен толықтыру енгізілді - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының әкімдігінің 2009.05.27 № 132 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен; 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2009.06.17 № 140 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

2. "Ұзынкөл ауданының еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығына:

1) халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың уақытша жұмыспен қамтылуын және кәсіптік дайындығын анықтау жөніндегі шараларды қолдансын;

2) халықтың нысаналы топтарына жатанын тұлғаларды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесуді қамтамсыз етсін;

3) халықтың нысаналы топтарына жатанын тұлғаларды жұмысқа орналастыруға бақылау жасауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулының орындалуынын бақылауы Ұзынкөл ауданы әкімінің орынбасары М. В. Слесарьға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұ з ы н к ө л

ауданының әкімі
КЕЛІСІЛДІ

А. Сейфуллин